

учителю заменить пассивное слушание и пересказ на активную работу учащихся в образовательном процессе, и тем самым повысить эффективность занятий.

Таким образом, критическое мышление-это открытое мышление, развивающееся путём наложения новой информации на жизненный опыт, востребованное в период обновления содержания образования, через прорыв к новым знаниям и новым возможностям.

#### **Список литературы:**

- 1.Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 27.01.2012 г., статья 7.<https://yandex.kz/yandsearch?clid=2186621&text>
- 2.С.И.Заир-Бек, И.В.Муштавинская. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 2004.
- 3.Е.А.Козырь. Характеристика приемов технологии RWCT. //газ. «Русский язык», 2009, №7.
- 4.И.О.Загашев, С.И.Заир – Бек. Критическое мышление: технология развития: Пособие для учителя – СПб; Альянс «Дельта», 2003.
- 5.Селевко Г.К. Современные образовательные технологии М. Народное образование. 1998
- 6.Джинни Л.Стил.Проект «Развитие критического мышления через чтение и письмо» - структура для изменения школы. «ИздатМаркет» Алматы,2004г.
- 7.Мирсеитова С.Критическая грамотность: рефлексия учителей. «ИздатМаркет» Алматы,2004г
- 8.Архипова Г.Размышления после урока. журнал «Голос и Видение»№4 2003г.
- 9.Руководство для учителя III уровень, стр. 102.,UniversityofCambridge. FacultyofEducation.

### **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Купобаева Айнаш Кужубаевна  
Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай қаласы

#### ***Аннотация***

*Мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасының маңызы, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөлініп, заманауи технологияларды қолдану процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру туралы, білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқytудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру туралы баяндалған.*

#### ***Аннотация***

*В статье излагается значение и важность программы обновленного содержания образования. Сейчас мы работаем на этапе перехода к содержанию образования, также систематизируется процесс обучения навыкам учащихся, особое внимание уделяется повышению функциональной грамотности и профессионального мастерства учителя в процессе перехода на применение современных технологий, педагогические подходы к обучению предмету, компетентность в использовании информационно-коммуникационных технологий, развитие коммуникативных навыков учащихся, подходы к оцениванию результатов изучения предмета, так же реализация политики трехязычия.*

#### ***Abstract***

*Updated in the article, the stage of transition to the content of education, skills training, a wide range of students, functional literacy, on the development of human values, pays great attention to improvement of professional skill of the teacher in the transition to the use of modern technologies described in vol. Special attention is paid to functional literacy and professional skills of the teacher in the process of transition to the use of modern technologies, pedagogical approaches to learning,*

*competence of information and communication technologies, development of communicative skills of students, approaches to estimation of results of studying, as well as the implementation of the policy of trilingualism.*

**Түйінді сөздер:** жаңартылған, құзыреттілік, қағида, ізденіс, заман талабы, функционалды сауаттылық, айтылым.

**Ключевые слова:** программа, цель, значение, технология, конкурентноспособный, оценивание, критериальное, формативное.

**Keywords:** functional, literacy, updated, results, trilingualism, information, communication, technology, competence, professional, skills

Бүгінгі таңда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесі басты назарда тұр. Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында дербес мемлекетімізде білімнің маңызыдылығы жоғары бағаланып, барынша қолдау көрсетілуде. Әрине, сапалы білім мен кәсіби білікті мамансыз бәсекеге қабілетті өскелен ұрпақты тәрбиелеу мүмкін еместігі бәріне мәлім. «Жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деп айтқандай, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті білімді тұлға тәрбиелеу. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденіс мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, өткізе отырып, тұлғаның жүрегіне сара жол табуы, өмір бойы оқып жемісін көре білуінде. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарының жүйесін талқылау барысында көз жеткіздік.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білудің бірден бір жолы.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Осы бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілуі өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Жалпы осы тілдік дағдыларды дамытуда, мен үшін тиімді болған әдістерге тоқтала кетсем. Сабақты бастауға арналған идеялар ретінде:

1.«Артығын алып таста» Оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын көрсетіңіз (олар сабақ мазмұнына бойлау үшін). Олар қай сөз немесе суреттің қалғандарына қатысы жоқ екенін анықтауы керек.

2.«Бұл жауап болса, онда сұрақ қандай болады?» Оқушыларға нақтылау беріңіз және осы нақтылауға әкелген алғашқы сұрақты анықтауды сұраңыз. Мысалы: Ол қайда барады? деген тақырыпты анықтау үшін, мен сұрақтың жауабын айттым «ол мектепке

барады». Сендер осы сөйлемге сұрақты қалай қояр едіңдер? Мұндай жұмысты Мынау не?, Бұл кім? тақырыбын өткен кезде жүргіздім.

3. «Құпияға толы зат» оқушыларға затты көрсетіңіз. Олардан оның не екенін және сабақпен қандай байланысы бар екенін анықтауды сұраңыз.

Жазылым, оқылым, айтылым дағдыларын дамытуда диаграмма әдістерін қолдану өте тиімді. Солардың бірі:

1. Дара диаграмма әдісін мен «Мақтақыз бен мысық» ертегісіндегінегізгі кейіпкерледі жазу кезінде. Сондай-ақ «Аңдар», «Үйжануарлары», «Отбасы» тақырыбында қолдандым.

2. «Хикая картасы» әдісі білім алушылар қызығушылық пен орындады. Мен бұл әдісті «Олқайдарады?» тақырыбында қолдандым. Білім алушылар тауға, үйге, дүкенге, саябаққа барамын деп жазып және суретін салды.

3. «Ойдағыны табу» әдісі қолдандым. Тақырып төңірегінде бір оқушыны шығарып, оны не туралы ойланып отырғанын әр оқушы топшылайды. Сен бір аң туралы ойланып отырсың? Қандай аң туралы ойланып отыр деп ойласыңдар? Әркім әр түрлі жауап берді

Табиғи әдіске сәйкес жаттығулар өзге ұлт өкілдерін оқытуда өте тиімді әдістердің бірі.

1. Мұғалімнің әңгімесі сыныптағы объектілерге және суреттердің мазмұнына шоғырланады;

2. Оқушылар дайын болмаса, сабақ барысында басқа оқушылармен жұмыс жасай отырып, қайталау жұмыстарын жүргіземін. Содан соң сұрақ қою арқылы оқушының қаншалықты еске түсіргенін байқаймын.

3. Сұрақ қойғанда ақырын және анық сөйлей отырып, бір сөзден тұратын жауап беруге жағдай жасаймын. Яғни сұрақтар иә/жоқ деп жауап берілетін сұрақтардан бастап кеңейтілген жауап талап ететін сұраққа қарай біртіндеп күрделене береді. Сондай-ақ дұрыс/дұрыс емес, ақиқат/жалған сөздерін қолдандық. Мысалы: Мынау оқушы ма? «иә» немесе «Бұл-оқушы» деп жауап беруге үйренді.

4. Оқушылар белгілі бір сөздерді күнделікті қолданады деп күтуге болмайды. Сондықтан өткен сөздерді байланыстырып немесе қайталап отыру керек. Мысалы; тыңдаймын, жазамын, оқимын, сурет саламын, сөйлеймін сөздерін «Қазақ тілі сабағында не істейміз?»-деп ым-ишарамен көрсету арқылы еске түсіріп отырдық.

5. Сондай-ақ «Тыңдау-көру-орындау» әдісі оқушылар үшін өте қызықты болды. Оқушылар жаңа сөздерді ым-ишарамен көрсету арқылы тапты. Бір оқушы сурет саламын сөзін көрсетсе, екінші оқушы оның не істеп тұрғанын айтады. Бұндай іс-әрекетті жазамын, сөйлеймін, тыңдаймын, тебемін, ойнаймын, үй жануарларын көрсету арқылы жүргізілді.

• «Ақпараттағы ақау» жаттығуын – оқушылар рөлдік ойын арқылы жаттықты. Мысалы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісін тыңдады, содан соң әр оқушыға рөл бөлініп, кейіпкердің сөздері таратылды. Бұл тапсырмада оқушылар қызығушылықпен орындап, өздерін сол кейіпкер ретінде сомдауға тырысты. «Мен ертегі білемін» тақырыбында оқушылар «Бауырсақ» ертегісін рөлге бөліп орындады. Сондай-ақ «Көлік түрлері» тақырыбында жол жүру ережесіне сай рөлдік ойын көрсетті. Әр оқушы мәшине, автобус, велосипед болып бір оқушы бағдаршамның рөлін атқарды.

• «Пазл» әдісі – оқушылар бүтін сөз, сөз тіркесін, сөйлем бөліктерін біріктіреді.

• Тапсырманы аяқтауға арналған жаттығулар – миға шабуыл жасау арқылы шешуді талап ететін тапсырма берілді. Мысалы «Мақта қыз бен мысық» бен «Бауырсақ» ертегісін қалай аяқтар едің? деген сұрақ төңірегінде сурет салу жұмысы берілді. Әркім өз бетінше ертегіні аяқтады.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат - әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен

қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – эссені қолдана білу. Өз пәнімде эссені жиі қолдануым, оқушылардың өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдылары дамиды. Эссе -жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркінкомпозициялық прозалық шығарма. Эссе жазудың нақты мақсаты: Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;

Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;

Оқырмандарды ақпараттандыру;

Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;

Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рақатқа бөлеу;

Көңіл-күйінді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;

Іс-әрекетке түрткі болу.

Эссе жаза отырып оқушылар басқа адамның көзқарасын білу, іскерлік қарым-қатынас жасау, қоғамдық ойға пікір білдіру, өз жаңалығын жүзеге асыра, табысқа қол жеткізе алады.

Мен жаңа сабақты проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл – сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді шығармашылығы дамитындай етіп пайдаланып отырдым.

Үш тілділік-заман талабы. Осы мақсатта сабақ барысында оқушылармен ағылшын, орыс, қазақ тілінде тақырып бойынша сабақтар өткізілді. Бұл оқушылардың «Көлік түрлері» тақырыбында көліктің атауларын үш тілде айта білуіне мүмкіндік берді. Сахналық көріністер арқылы өткен тақырыпты еске түсіру. «Саяхат» тақырыбын қайталағанда оқушылар мектепке кіммен баратын көрсетті. Мысалы: бір оқушы атасы, анасы, әкесі болып ойнады. Екінші топ мектепке немен баратынын көрсетті, яғни олар мәшине, автобус, велосипед болды.

Сабақтың рефлексия кезеңінде «Бес саусақ», «Өз миыңды суретте», «Бес қадам», «Бір минут қана», «Жетістік баспалдағы», «Рефлексиялық нысана» қолдануға болады.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда пәндерді компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен өткізудің тиімділігі басым рөл атқаруда. Сабақ барысында тақырыпқа сай бейнесюжет көрсету, бейнесұрақтар дайындау, сабақ мазмұнына қарай презентациялар дайындау, интернет желісінен қажетті материалдарды іздестіріп табу сияқты көптеген тиімді тұстарын атап өтуге болады. Бұрын дәстүрлі сабақтарда плакат сызып жатсақ, қазір ол жұмыстың бәрін АКТ құралдары арқылы оңай жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Сергіту сәттерін әртүрлі би қимылдарын көрсете отырып, музыкалық әуенмен өткізу, уақытты үнемдейді және оқушының есінде қалуына оң ықпалын тигізеді. Қорыта келе, «Білім инемен құдық қазғандай» демекші мұғалім заман талабына сай мұғалім болуы үшін үнемі заманмен бірге жаңарып отыруы тиіс. Тек ізденген кезде ғана ол заман ағымымен қатарласа жүре алады.

Қорыта келе, мен сөзімді ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі — тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру - жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Оқушылардың бойына өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенемін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жаңашыл әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру. Әдістемелік оқулық, 5-бет.
2. Компьютерді қолданудың педагогикалық мәселелері Қ. Шәдиев, Қазақстан мектебі, №5, 2006-7 б.
3. К.Өстеміров, А.Айтбаева. Қазіргі білім беру технологиялары. 2014ж.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде.- Алматы, 2002.
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері.-А.:Білім, 2008.
6. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж

### **АКТИВИЗАЦИЯ МЫСЛИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПОСРЕДСТВОМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИКТ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА И ТЕХНОЛОГИИ**

Кривоपालенко Елена Николаевна  
ГУ СШ №22, г.Костанай  
Алиферец Оксана Николаевна  
СШ с. Тимирязево

#### **Аннотация**

*Қоғам орта білім беруде оқыту әдістемесінің мазмұнын жаңарту және қазіргі заманғы оқу-әдістемелік базаны, сондай-ақ АКТ-ны енгізу қажеттілігіне байланысты проблемалар бар екенін жақсы біледі. Жаңа білім беруді енгізу кезінде студенттердің білімін бағалау екі басты мәселені ескереді: білімді бағалаудың құзыреттілік тұжырымдамасына көшу және болашақ іс-әрекетке студенттерді толық бейімдеу үшін арнайы мектептерді құру.*

#### **Аннотация**

*Общество прекрасно осознает, что в системе среднего образования есть проблемы, связанные с необходимостью обновления содержания методов обучения и внедрения современной учебно-методической базы, а также ИКТ. При внедрении нового образования подразумевается, что оценка знаний учащихся будет учитывать два принципиальных момента: переход от оценки знаний к концепции компетентности и создание профильных школ для полной адаптации учащихся к будущей деятельности.*

#### **Abstract**

*The society is well aware that in secondary education there are some problems associated with the need to update the content of teaching methods and the introduction of modern teaching and methodological base, as well as ICT. Introducing a new education, it is implied that the assessment of students' knowledge will take into account two principal points: the transition from the assessment of knowledge to the concept of competence and the creation of specialized schools for the full adaptation of students to future activities.*

**Түйінді сөздер:** жаңару, шеберлік, құзыреттілік, шығармашылық, тәуелсіздік, белсендіру, электронды.

**Ключевые слова:** обновление, мастерство, компетенции, творческий, самостоятельность, активизация, электронные.

**Keywords:** updating, skill, competence, creative, independence, activation, electronic.